

## «ШЕТЕЛ ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕ ЫНТАНЫ ОЯТУҒА КӨМЕКТЕСЕТІН САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ»

Мұратқызы Әйгерім  
aigerimmuratkyzy.03@mail.ru

«Шетел тілдері және мәдениетаралық коммуникация» білім бағдарламасының 2 курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекші: филология ғылым кандидаты - Султангубиева А.А.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада білім беру үдерісі кезінде ақпараттық технологияларды қолданудың, атап айтқанда, сандық білім беру ресурстарының шетел тілін үйренуге деген мотивацияға әсері қарастырылады. Мақалада білім берудегі сандық технологиялардың мәні – бұл оқу процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған ақпаратты өңдеуді, беруді және көрсетуді қамтамасыз ететін әдістер мен құралдар жиынтығы екендігі айтылған. Осыған байланысты, шетел тілін үйренуде білім алушының бойындағы танымдық мотивацияны қалыптастыру негізінде сандық білім беру ресурстарын теориялық және де практикалық әдістемелік зерттеу тұрғысынан қарастырылады.

**Тірек сөздер:** сандық білім беру ресурстары, ынтаны арттыру, шетел тілін үйрену, АКТ технологиялары

Қазіргі заманда білім беру саласындағы ең күрделі аспектілердің бірі – білім алушыларды ынталандыру. Мотивациясы жоқ білім алушы өзіне қажетті білімді толық игере алмайды, себебі олар ақпаратты есте сақтай алмайды, сабаққа қажетінде белсенді қатыспайды, тіпті кейбіреулері оқу барысы кезінде ден қоймайтын болуы да мүмкін. Мотивация – білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттыруға, оқу мазмұнын толық меңгеруге ынталандыратын әдістер мен құралдардың жиынтығы. Шетел тілін оқуға арнайы мақсат негізінде ынтада тұрақты болу керек, сонда ғана үйренуші өз қалаған деңгейге жете алады. Ынтаны қалыптастыруға қазіргі заманауи түрлі сандық технологияларды қолдану арқасында жүзеге аса алады.

Сандық білім беру ресурстары мен технологиялары оқу үрдісі кезінде жаңа элементтер енгізіп, жаңа мүмкіндіктер туғызды. Бұл мақала шет тілдерін оқыту үшін сандық технологияның құндылығы туралы жаңа зерттеулерді қарастырып, білім беру саясатын құру айғақтарының контекстінде, студенттердің шет тілін тиімді оқуына мотивацияны арттырудың сандық технологияның негізгі педагогикалық қолданыстарын қарастырады. Сонымен қоса, сандық медианың бірқатар түрлерін пайдаланудың терең сипаттамасын ұсынады және шет тілін оқыту мен оқудың практикалық идеяларын біріктіреді. Интернет кеңістігінің қазіргі кездегі дамуы мәліметтерді қызықты түрде жеткізіп, оқыту барысында білім алушының мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді. [1]

Зерттеудің негізгі мақсаты теориялық талдау мен практикалық мысалдар негізінде сандық білім беру ресурстарының (СББР) мектеп оқушыларының шет тілін меңгеруге деген мотивациясын арттыру мүмкіндіктерін айқындау. Жұмыс барысында сандық білім беру ресурстарын қолданудың теориялық негіздері қарастырылып, олардың педагогикалық әлеуетіне мотивация тұрғыдан талдау жасалады. Сонымен қатар, мектепте шет тілін оқыту тәжірибесінде сандық ресурстарды пайдаланудың нақты нәтижелері ұсынылады.

Сандық білім беру технологиялары туралы айтқанда, электрондық оқулықтарды, интернетті және білім беру порталдарын қолдану білім алушылардың оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттырып, оқу материалын меңгеруге деген мотивациясын күшейтетінін атап өткен жөн. Өртүрлі оқу-танымдық сайттарда ұсынылған жаттығулар мен тапсырмалар жаңа материалды меңгеруде тиімді көмекші құрал бола алады, ал интерактивті тапсырмалар білім алушыларға меңгерілген материалды қаншалықты дұрыс игергенін өздігінен тексеруге мүмкіндік береді. Сандық контентті пайдалана отырып кез келген сабаққа дайындалу, әрине, өртүрлі материалдарды мұқият іріктеуді және өңдеуді талап ететін күрделі үдеріс болып табылады. Дегенмен, бұл процесс шығармашылық сипатқа ие болып, білімді инновациялық форматта интеграциялауға мүмкіндік береді. [2]

Сабақ барысында қолданылатын компьютерлік элементтердің көрнекілігі, тартымдылығы мен жаңашылдығы басқа әдістемелік тәсілдермен үйлесім таба отырып, сабақты ерекше, қызықты әрі есте қаларлық етеді. Сонымен қатар, мұндай тәсілдер мұғалімнің оқушылар алдындағы беделін арттырады. Оқу процесінде сандық білім беру ресурсын пайдалану оқуға деген қызығушылықты арттыруға және оқу материалын игеруге көмектесуге, сондай-ақ басқа оқу пәндерімен ақпараттық технологияларды кешенді пайдалануға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы сандық білім беру технологияларын пайдалану сапалы жаңа білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді, білім алушыны басқарушылық қызметін жеделдетеді және оның тиімді тұстарын арттырады. Сапалы сандық білім беру ресурстары білім алушыларға оқу орнының қайда орналасқанына қарамастан қашықтықта білім беру талаптарына сай түрлі білім алуға мүмкіндік береді. [3]

Білім беру саласында қазіргі заманауи шетел тілін оқытуда білім алушылардың ынтасының төмендеуі және дәстүрлі оқыту әдістеріне қызығушылықтың жоқтығы мәселесі тұр. Білім алушыларға оқу материалын монотонды түрде беру және көнерген ескі тәсілдер көбінесе олардың қажеттіліктерін қанағаттандырмайды. Сондықанда, технологияның қарқынды дамуы мектеп оқушыларының оқу үрдісіне қарқынды тартудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Бүгінгі таңда сапалы білім беру дәстүрлі оқыту мен озық технологияларды пайдаланудың үйлесімділік табуын талап етеді.

Қазіргі таңда шет тілін оқыту үдерісіне сандық ресурстарды интеграциялау — оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың ең тиімді құралы ретінде танылуда. Оқу үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолдану білім алушылардың ойлау қабілетін ынталандырып, оқыту әдістемесін тартымды әрі мазмұнды етеді. Түптеп келгенде, бұл шет тілін үйренуге деген ынтаны күшейтуші қуатты стимул болып табылады. [4]

Мультимедиалық мүмкіндіктер мен интерактивтілік сипатының арқасында сандық материалдар қабылдаудың бірнеше арналарына бірдей әсер етіп, ақпаратты терең түсінуге және есте сақтауға септігін тигізеді. Мәселен, сабақ барысында мультимедиалық презентацияларды, аудио және бейне материалдарды қолдану оқу процесін көрнекі әрі эмоционалды тұрғыдан бай етеді, бұл өз кезегінде оқушылардың белсенді кері байланысын тудырады.

Практикалық мысал ретінде мультимедиалық ойындар мен викториналарды (quiz) атап өтуге болады, олар оқушылардың танымдық қызығушылығын едәуір арттырады. Тәжірибеде жоғары сынып оқушыларының өткен тақырыптар бойынша дербес компьютерлік ойындар әзірлеуге үлкен қызығушылық танытқан жағдайлары кездесті. Мұндай жобалық іс-әрекеттер оқушылардың тілді меңгеруге деген ішкі уәждемесін айтарлықтай жоғарылататынын көрсетті.

Сандық білім беру ресурстарын мотивацияны арттыру мақсатында қолданудың ең тиімді тәсілдерінің бірі — оқу үдерісін ойын элементтерін енгізу. Оқу процесіне Kahoot!, Quizlet, Wordwall, Duolingo, Baamboozle, Genially сияқты онлайн ойын платформаларын интеграциялау білім алуда бәсекелестік негізінде ойын элементтерімен ұштастыруға

мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, бұл ойын құралдарды пайдалану оқуға деген қызығушылықты айтарлықтай арттырып, білім алушылардың пәнге деген ынтасын оятады, кері байланысты қамтамасыз етеді және ішкі мотивацияны қалыптасуына ықпал етеді.

Заманауи сандық әдістері оқушылардың эмоционалдық тартылысын тудырып, пәнге деген оң көзқарасты қалыптастырады және танымдық белсенділікті тұрақты ұстап тұруға көмектеседі. Мәселен, Kahoot! және Baamboozle платформалары оқу тапсырмаларын қызықты жарыс түрінде ұйымдастыруға жағдай жасайды. Мұнда жеңіске жетуге ұмтылу және ұпай жинау ниеті қатысушыларды өткен материалды белсенді түрде қайталауға итермелейді. Ойын контекстіндегі бәсекелестік мектеп оқушыларының бойында құштарлықты, қызығушылықты және мақсатқа жетуге деген талпынысты оятады, бұл тікелей оқу мотивациясын артуына септігін тигізеді. [5]

Сауатты түрде жобаланған сандық технологиялық ойындар оқушыларды ұпайлармен, белгішелермен (badges) және жаңа деңгейлерге өту мүмкіндіктерімен марапаттайды. Мұндай ішкі мадақтау механизмдері оқушыға тек баға алу үшін емес, оқу үдерісінің өзі жұмысына қанағаттану сезімін тудырады, осылайша ішкі мотивацияны одан әрі нығайтады. Сонымен қатар, деңгейлер мен жетістіктердің ойластырылған жүйесі негізінде күрделі грамматикалық материалды меңгерудің өзін қызықты әрі жеңіл процесске айналдырып, оқушының танымдық қызығушылығын арттырады және де одан әрі жұмысты жалғастыруға ынталандырады.

Мектепте шет тілін оқытуда сандық ресурстарды пайдалану тәжірибесі қазіргі уақытта кең ауқымда жүзеге асуда. Көптеген педагогтар оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында дәстүрлі әдістемелерді заманауи технологиялармен сәтті ұштастырып алмасытырып келеді. Мәселен, YouTube платформасынан үйреніп жатқан шетел тіліндегі қысқаметражды сюжеттік түрлі роликтерді немесе тақырыпқа сай оқу мазмұнындағы бейнелерді көрсету — оқушылардың назарын жылдам өзіне аударып, талқылауға арналған құнды материал ретінде кеңінен қолданылуда. [6]

Білім берушілер грамматикалық және лексикалық дағдыларды пысықтау үшін интерактивті онлайн жаттығулар мен квіз түріндегі тесттерді белсенді пайдаланады. Грамматикалық тапсырмаларды ойын форматында орындауға мүмкіндік беретін және лезде нәтиже алуға болатын платформалар (мысалы, Native-English.ru, LearningApps және т.б.) оқушы бойындағы бәсекелестік элементін қалыптастырады және лезде кері байланысты алуға қамтамасыз етеді.

Тәжірибені бақылау барысында оқушылар жазба дәптеріндегі дәстүрлі білім беру үрдісіне қарағанда, өздеріне берілген ұпайлары мен рейтингін бірден көруге болатын онлайн тесттерді ерекше ынтамен орындайды. Ойын технологиялық платформаларын қолдану тәжірибесі ерекше назар аударуға тұрарлық. Кейбір мектептерде Kahoot! негізінде тұрақты викториналар өткізіледі: мұғалім өткен материал бойынша сұрақтар дайындайды, ал оқушылар өз құрылғылары (смартфон, планшет) арқылы нақты уақыт режимінде жауап береді. Бұл формат білімді тексеру үдерісін тартымды жарысқа айналдырады: оқушылар көбірек ұпай жинауға ұмтыла отырып, байқаусызда материалды қайталап шығады.

Кей сабақта үлгерімі төмен оқушылардың өзі Kahoot платформасының ойластырылған ойын дизайнының арқасында ойынға белсенді араласып, әдеттегі қортыныдылау жұмысына қарағанда көбірек күш салып жұмсайтындығы байқалған. Сол сияқты, жаңа сөздерді флеш-карталар мен мини-ойындар арқылы үйренуге арналған Baamboozle қосымшасын қолдану, сөздік қорды жаттау процесінің жай ғана есте сақтау емес, ойын барысы кезде оқушылардың лексиканы меңгеруге деген құлшынысы артатынын көрсетті. Лагутиктің (2025) зерттеуіне сәйкес, жалпы білім беретін мектептердің 7-8 сыныптарында Kahoot және Baamboozle платформаларын қолдану оқушылардың танымдық қызығушылығының айтарлықтай артуына және тіл үйренуге деген ішкі уәждемесінің дамуына алып келді.[7]

Теориялық негіздер мен практикалық тәжірибені талдау көрсеткендей, сандық білім беру ресурстарын сауатты қолдану — оқушылардың шет тілін меңгеруге деген ынтасын арттырудың нақты әрі тиімді құралы. Сандық ресурстар оқу үдерісіне жаңа мазмұн беріп, оны интерактивті, тұлғалық тұрғыдан маңызды және икемді етеді. Мультимедиалық және ойын ресурстарымен жұмыс істеу кезіндегі оқушылардың құлшынысы біртіндеп танымдық қызығушылыққа ұласады, бұл оларды оқуды одан әрі жалғастыруға ынталандырады. Сандық технологиялардың арқасында тіл үйрену бірсарынды, қызықсыз жұмыстан жалықтыратын емес, керісінше оқушылардың өздері үшін қызықты әрі көңілді процесс ретінде қабылданады.

Дегенмен, сандық ресурстар мұғалімді алмастырмайтынын, тек оның жұмысын толықтыратынын атап өту маңызды. Тұрақты мотивациялық әсерге қол жеткізу үшін СБР-ды сабақ құрылымына әдістемелік тұрғыдан негізделген түрде интеграциялау талап етіледі. Осы орайда дәстүрлі және инновациялық әдістерді ұштастыру принципін ұстану ұсынылады: сандық технологиялар дәстүрлі оқытудың озық тұстарын нығайтып, оның әлсіз тұстарын жоюына көмектеседі. Мысалы, жаңа тақырыпты дәстүрлі әдіспен — мұғалімнің түсіндірмесінен сабақ басталып, кейін оны оқушы қызығушылығын сақтау үшін интерактивті белгішелер немесе онлайн ойын қосымшалар арқылы сабақ соңын бекітуге болады. Сондай-ақ, ойын әрекетін белгілі бір мөлшермен есептеп отыру керек және бәсекелестік қабілеттері оқу кезінде алаңдатпайтын етіп, тек ынталандырушы құрал ретінде қызмет етуін қадағалау маңызды.

Қорытындылай келгенде, тиімді әрі дұрыс әдістемелік тәсілдер қолданылған жағдайда, сандық білім беру ресурстары мектеп оқушыларының шет тілін үйренуге деген ынтасын айтарлықтай жоғарылатады. Сандық білім беру ресурстары оқу процесін қызықты етіп және оқушыға тікелей негіздеп бағытталған болады. Педагогтарға арналған негізгі ұсыныс — АКТ технологиялары мен дәстүрлі оқытудың оңтайлы тұстарын таңдауда педагогикалық шеберліктерін іске қосып және ізденімпаздықтарын сақтай отырып, өз тәжірибесіне сандық ресурстарды белсенді енгізу. Тек осындай жағдайда ғана техникалық инновациялар оқушылардың білімге деген тұрақты танымдық құштарлығы мен тұлғалық өсуіне айналып, шынайы өзіндік пайдасын әкеледі.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бейбітова М. С. Шетел тілін оқытудағы сандық технологияның рөлі // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки». – 2020. – № 1 (59). – Б. 14. – ISSN 2411-8745.
2. Мендекенова А. Д. Цифровой контент как инструмент формирования трёхязычной компетенции будущих учителей иностранного языка // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана, серия «Филологические науки». – 2019. – № 2. – С. 96-101.
3. Smagulova A. S., Rakhimbayeva R. M., Omarova M. S. The application of modern teaching tools and internet technologies in the teaching of foreign languages // Scientific Journal. – 2021. – Vol. 4, No. 2. – Pp. 45-52.
4. Alimova A. K. Digital transformation of foreign language education: problems and prospects // Bulletin of the University of Karaganda. – 2024. – No. 3(115). – Pp. 112-118.
5. Dmitrenko T. A., Akhmadullin A. A. Current trends in teaching a foreign language in the digital era // Training, Language and Culture. – 2023. – Vol. 7, No. 4. – Pp. 16-23.
6. Panagiotidis P. Technology as a Motivational Factor in Foreign Language Learning // European Journal of Education. – 2023. – Vol. 6, Issue 1. – Pp. 72-80.
7. Lagutik A. V. The use of online gaming platforms for teaching foreign languages in secondary school as a way to increase student motivation // Young Scientist. – 2025. – No. 46(597). – Pp. 187-189.